

"Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 30 қантардағы № 36 бұйрығы.  
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 5 сәуірде № 14982 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген, "ЗАң газетінің" 2008 жылғы 30 мамырдағы № 81 (1307) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрық тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары бекітілсін.";

қөрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйімдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесінде:

тақырыпта және барлық мәтін бойынша "ережесі", "ереженің", "ережеге", "ережесіне", "ережеде" деген сөздер "қағидалары", "қағидалардың", "қағидаларға", "қағидаларына", "қағидаларда" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгөрмейді;

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесінде:

тақырыпта және барлық мәтін бойынша "ережесі", "ереженің", "ережеге", "ережесіне", "ережеде" деген сөздер "қағидалары", "қағидалардың", "қағидаларға", "қағидаларына", "қағидаларда" деген сөздермен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгөрмейді;

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізуудің үлгілік қағидалары осы бүйрыққа қосыншаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Д.Ж. Ахмед-Заки) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бүйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Зәң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министри	E. Сағадиев
--	-------------

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары –

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

\_\_\_\_\_ А. Мырзахметов

2017 жылғы 9 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрі

\_\_\_\_\_ Е. Биртанов

2017 жылғы 27 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және спорт министрі

\_\_\_\_\_ А. Мұхамедиұлы

2017 жылғы 17 ақпан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері

және сыйбайлас жемқорлыққа

қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы

\_\_\_\_\_ Қ. Қожамжаров

2017 жылғы 6 наурыз

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 36 бұйрығына қосымша
	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген

**Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің осы үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың тәртібін анықтайды.

2. Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау білім алушылардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі – МЖМББС) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын және білім беру бағдарламаларын менгеру дәрежесін анықтау мақсатында өткізіледі.

3. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) академиялық адалдық – білім алушының жазбаша жұмыстарды орындау (бақылау, курстық, эссе, дипломдық, диссертациялық), емтихандағы жауап, зерттеулердегі, өз ұстанымын көрсету, академиялық қызметкерлермен, оқытушылар мен өзге студенттермен өзара қарым-қатынас, сондай-ақ бағалау барысындағы адалдығын айқындайтын құндылықтар мен ұстанымдардың жиынтығы;

2) білім алушыларды қорытынды аттестаттау – бітірушілердің білім алу теориялық деңгейін, қалыптасқан кәсіптік құзіретін, кәсіптік міндеттерді орындауға даярлығын және олардың білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестігін бағалау рәсімі;

3) білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу жетістіктерінің (білімі, икемділігі, дағды және құзыреті) деңгейін оқу пәнін бітіргеннен кейін оқу пәнінің бағдарламасына сәйкес бағалау рәсімі;

4) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау - академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториядан тыс сабактарда студенттердің білімін, икемділігі мен дағдыларын жекелеген тақырыптар, бөлімдер, модульдер бойынша қасиптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

5) емтихан сессиясы - жоғары оқу орындарында (бұдан әрі - ЖОО) студенттерді аралық аттестаттау кезеңі;

6) кредиттік оқыту технологиясы - білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту;

7) межелік бақылау - бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

8) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін білім деңгейін балл түріндегі бағалау жүйесі;

9) офис регистратор - білім алушылардың оқу жетістіктерінің тарихын олардың менгерген кредиттің есептей отырып тіркеумен шұғылданатын және білім алушыларды аралық және қорытынды аттестаттауды, оның академиялық рейтингісін есептеуді үйімдастыратын академиялық қызмет;

10) оқу үлгерімінің орташа балы (Grade Point Average - GPA) - аралық аттестаттау пәндері бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы ретінде білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

11) пререквизиттер (Prerequisite) - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер тізбесі;

12) транскрипт (Transcript) - білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат.

4. Бағалау академиялық адалдыққа негізделеді. ЖОО-ның ғылыми кеңесімен бекітілетін Академиялық адалдық қағидаларын ЖОО дербес әзірлейді.

Академиялық адалдық қағидаларының принциптері бұзылған жағдайда білім алушыларды оқудан шығару туралы шешімді ЖОО дербес қабылдайды.

**2-тaraу. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау және аралық аттестаттаудан өткізуіндегі тәртібі**

## **1-параграф. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың ағымдық бақылаудан өткізудің тәртібі**

5. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіледі және аудиториялық және аудиториядан тыс сабактардағы бақылауды қамтиды.

6. Межелік бақылау нысанын, мерзімін, саны мен тәртібін ЖОО дербес анықтайды.

7. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін ЖОО академиялық саясатына сай дербес анықтайды.

8. Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеруді жоғары оқу орны өзі дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың нысандары арқылы жүзеге асырылады.

9. Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері бойынша (ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) білімді бағалаудың әріптік балдық-рейтингтік жүйесі арқылы бағаланады оны дәстүрлі бағалау шкаласына аудару осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес жүргізіледі.

10. Тілдер бойынша (шет тілі, қазақ, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері оларды оқытудың дәрежелік моделіне сай осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес шкала бойынша бағаланады.

## **2-параграф. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне аралық бақылау өткізудің тәртібі**

11. ЖОО-да білім алушыларды аралық аттестаттау МЖМБС негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 16 тамыздағы № 343 бүйрекімен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8636 тіркелген) Жоғары және жоғары оқу орнанан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары (бұдан әрі - үлгілік оқу жоспарлары) мен оқу бағдарламалары негізінде әзірленген академиялық құнтізбеге, оқу жұмыс жоспарына және оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Білім алушыларды аралық аттестаттау емтихан тапсыру, курстық жұмыстарды (жобаларды) және кәсіптік практика бойынша есептерді қорғау нысаны түрінде міндетті түрде баға қою арқылы жүргізіледі және емтихандық сессия болып анықталады.

13. Білім алушыларды аралық аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін ЖОО академиялық саясатына сәйкес дербес анықтайды.

14. ЖОО әр оқу пәні бойынша емтихан нысанын ЖОО-ның ғылыми кеңесінің шешімі негізінде дербес анықтайды.

15. Білім алушыларды аралық аттестаттауды (емтихандық сессия) ұйымдастыру мен өткізууді офис регистратор жүргізеді.

16. Аралық аттестаттау нәтижесі бойынша оғис регистратор білім алушылардың академиялық рейтингілерін құрастырады.

17. Оқу пәні бойынша аралық аттестаттау қорытындысын шығару барысында емтихан бағасы және академиялық кезең ішіндегі үлгерімді ағымдық бақылау бағасының орташа балы (жіберілу рейтингісінің бағасы) ескеріледі.

18. Аралық аттестаттаудың оң қорытынды бағасы тиісті оқу пәні бойынша белгіленген көлемдегі кредиттерді игерілді деп есептеуге негіз болады және білім алушының транскриптіне жазылады.

19. Білім алушы қорытынды бақылаудан (емтиханнан) "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған жағдайда пән бойынша қорытынды баға есептелмейді және ол бойынша кредиттер есептелмейді.

20. Қорытынды бақылаудың оң бағасын аралық аттестаттаудың осы кезеңінде көтеру мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Қорытынды бақылаудың оң бағасын қайта тапсыру осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Білім алушылар емтихандарды қатаң түрде пәндер бойынша бекітілген жұмыс және жеке оқу жоспарына, оқу бағдарламаларына сәйкес тапсырады.

22. Білім алушылар қажет болған жағдайда оқытудың қосымша түрлерінің пәндері бойынша емтихан тапсырады, нәтижесі емтихан ведомосына және транскрипктек жазылады (әскери дайындықтан басқасы).

23. "Қанағаттанарлықсыз" бағасын оң бағаға өзгерту немесе үлгерімнің орта балын (GPA) көтеру мақсатында қайта тапсыру үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабак түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Мұндай жағдайда білім алушы белгіленген тәртіп бойынша оқу пәніне жазылу рәсімінен қайта өтеді.

24. Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін білім алушы емтихан өткізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

25. ЖОО басшысының бүйрекімен емтихан сессиясы кезеңіне (аралық аттестаттау) апелляцияланатын пәндер бейініне біліктілігі сәйкес келетін оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

26. Апелляциялық комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді және оның негізінде емтихан ведомосы құрылады.

27. Офис регистратор емтихан сессияларының (қысқы, көктемгі және күзгі сессия нәтижелері) қорытындысы бойынша білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің ортасалмақ бағасы болатын өту балын есептейді.

28. Курстан курсқа көшіру үшін өту балының төменгі деңгейінің көлемін ЖОО оқыту курсының бөлінісінде дербес белгіледі.

29. Өту балының ең төменгі көлемін жинаған білім алушылар факультет деканының (институт, жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімі директорының,) ұсынысы негізінде ЖОО басшысының бүйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

30. Ең төменгі өту балын ала алмаған білім алушы оқу курсын қайта оқуға қалдырылады.

31. Курс бағдарламасын толығымен өтіп, белгіленген өту балының ең төменгі деңгейіне жете алмаған білім алушыға өзінің орташа үлгерім балын (GPA) жоғарылатуы мақсатында жазғы семестрде белгілі бір пәндерді ақылы түрде қайта оқуына және сол пәндерден қайта емтихан тапсыруына мүмкіндік беріледі.

32. Қайта тапсырылған емтиханнан оң нәтиже алған жағдайда емтихан ведомосы мен транскриптке жазылатын қорытынды баға қайта есептеледі.

Орташа үлгерім балын есептеу барысында оқу пәні бойынша соңғы бағалар есепке алынады.

33. Транскриптке білім алушының қайта тапсырылған емтихандарының оң нәтижелерімен қоса барлық қорытынды бағалары жазылады.

34. Оқу курсына қайта қалдырылған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспары немесе қайта құрастырылған жеке оқу жоспары бойынша білім ала алады.

35. Өту балының ең төменгі деңгейін жинап, келесі курсқа ауыстырылған академиялық берешегі бар білім алушы тиісті пәндерді ақылы негізде қайта оқып, академиялық қарыздарын жоюы тиіс.

36. Осы Қағидалар әскери, арнайы оқу орындарында оқитын білім алушыларға таратылмайды.

37. Емтихандар қорытындысы және оқу үрдісін жақсарту бойынша ұсыныстар емтихандық сессия аяқталғаннан кейін ЖОО-ның ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады.

38. ЖОО емтихандық сессиялардың қорытындысын білім беру саласындағы уәкілетті органға осы Қағидалардың З-қосымшасына сәйкес нысан бойынша электронды және қағаз тасығыштарда береді.

39. ЖОО-дан шығарылған тұлғаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 12 маусымдағы № 289 бүйрығымен бекітілген нысан бойынша (Қазақстан Республикасының

нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5717 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 289 бұйрық) білімі аяқталмаған тұлғаларға берілетін анықтама беріледі.

### **3-параграф. Жоғары оқу орындарында "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтихан өткізуіндегі тәртібі**

40. Барлық бакалавр мамандығындағы ЖОО студенттері "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

41. Мемлекеттік емтихан өткізуіндегі "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" оқу пәнін оқытатын кафедра (бұдан әрі - кафедра) факультет деканатымен (институт директоратымен) және Офис регистратормен бірлесе отырып жүзеге асырады.

42. "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу үшін кафедра аталған пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқудың барлық нысаны мен мамандықтары үшін бірыңғай оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.

43. "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды өткізу нысанын ЖОО ғылыми кеңес шешімі негізінде дербес анықтайды.

44. "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды қабылдау үшін факультет деканының (институт директоры) ұсынысы бойынша құнтізбелік жылға мемлекеттік емтихан комиссиясы (бұдан әрі - МЕК) құрылады.

45. "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша МЕК тәрағасы мен құрамы ғылыми кеңес шешімі негізінде ЖОО басшысының бүйірігімен бекітіледі.

46. МЕК отырыстарының кестесін офис регистратор академиялық құнтізбеле сәйкес құрады және оны ЖОО басшысы мемлекеттік емтиханнан басталуына дейін екі аптадан кешіктірмей бекітеді.

47. МЕК отырысының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.

48. "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібін, сондай-ақ МЕК отырысын ұйымдастыру рәсімін ЖОО дербес анықтайды.

49. Мемлекеттік емтихан қорытындысы білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады.

Бұл ретте, қорытынды баға жіберілу рейтингісінің бағасы мен мемлекеттік емтихан бағасы ескеріле отырып қойылады. Жіберілу рейтингісінің бағасы мемлекеттік емтихан бағасы пән бойынша қорытынды бағаның кемінде 30%-ын құрайды.

50. Білім алушы "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, ол ақылы түрде келесі академиялық кезеңде немесе жазғы

семестрде осы пәнге қайта жазылып оның барлық оқу сабактарына қайта қатысып, ағымдық бақылау талаптарын орындаپ, мемлекеттік емтиханға жолдама алады және оны тапсырады.

51. "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханнан алған оң бағаны көтеру мақсатында қайта тапсыру осы Қағидалардың 52-тармағына сәйкес ұқсас рәсім бойынша жүзеге асырылады.

52. Білім алушы мемлекеттік емтихан қорытындысымен келіспесе, емтихан өткізілген күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей МЕК-ке апелляция беруіне болады.

53. Апелляция өткізу үшін ЖОО басшысының бүйрекімен аталған пән бойынша тәжірибелі оқытушылар қатарынан "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша апелляциялық комиссия құрылады.

54. "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәні бойынша мемлекеттік емтиханның қорытындысы осы емтиханды тапсыру көзделген емтихандық сессияның қорытындысын шығару барысында есепке алынады.

55. Мемлекеттік емтихан аяқталған соң МЕК төрағасы МЕК-тың жұмысы туралы есеп жазады, ол ЖОО ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

### **3-тарау. Жоғары оқу орындарында бакалавриатта білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізудің тәртібі**

56. ЖОО-да бакалавриатта білім алушыларды қорытынды аттестаттау МЖМББС белгіленген нысандарда өткізіледі, оның ұзақтығы мен мерзімі академиялық күнтізбеде және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларында қарастырылған.

57. Бакалавриатта қорытынды аттестаттау мамандық бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау немесе мамандық бойынша және екі бейінді пән бойынша мемлекеттік емтихандарды тапсыру нысанында жүргізіледі.

58. Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау дипломдық жұмысты (жобаны) жазу мен қорғау рәсімдерін қамтиды. Бұл ретте дипломдық жұмыс (жоба) бітірушінің талдау және зерттеу қабілеттерін анықтау мен бағалауға бағытталған.

59. Дипломдық жұмыстар (жобалар) ЖОО-лар дербес үйымдастыратын плағиаттық мәніне қатысты тексеруден өтуі тиіс.

60. ЖОО студентердің теориялық дайындығының деңгейіне, оқу жетістігіне, талдау және зерттеу қабілеттеріне сәйкес оларды қорытынды аттестаттау нысанын дербес анықтайды.

61. Мемлекеттік емтихан тапсырылатын бейінді пәндердің тізбесі бітіртуші кафедраның ұсынысы негізінде факультет (институт) кеңесінің шешімімен бекітіледі.

62. Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған студенттер ғана жіберіледі.

63. Бітіруші курсындағы студенті білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындауда жазғы семестрден өткізілмestен оқу курсына қайта оқуға қалдырылады.

64. ЖОО басшысы білім беру саласындағы уәкілетті органға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттарға (диплом және қосымша) ағымдағы оқу жылының 10-қазанына дейін күтілетін бітірушілер саны бойынша өтінім ұсынады.

65. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау үшін жоғары білім мамандықтары немесе мамандықтар тобы бойынша мемлекеттік аттестаттау комиссиясы (бұдан әрі - МАК) құрылады. Оқытудың барлық нысандары үшін бірынғай МАК қалыптастыруға рұқсат етіледі.

66. МАК-тың құзырына төмендегілер кіреді:

- 1) білім беру бағдарламалары белгілеген талаптарға сай бітіруші мамандардың теориялық және практикалық даярлығы сәйкестігінің деңгейін тексеру;
- 2) бітірушіге тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін тағайындау;
- 3) бітірушіге мамандығы бойынша тиісті біліктілік беру;
- 4) бакалавр, маман, дипломын беру туралы шешім қабылдау;
- 5) мамандар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

67. МАК тәрағасы мен құрамы ЖОО ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы жылдың 10 қаңтарынан кешіктірілмей ЖОО басшысының бүйрекімен бекітіледі және ол бір күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады.

68. МАК құрамы бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

МАК-тың сандық құрамын ЖОО өз бетінше белгілейді.

69. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мен үйымдастыру тәртібін, мемлекеттік емтихан нысанын және МАК мәжілісінің рәсімдерін ЖОО академиялық саясатына сәйкес дербес айқындайды.

70. МАК жұмысының кестесін оғис регистратор құрады, жұмыс кестесін ЖОО басшысы бекітеді және МАК жұмысы басталуына дейін екі аптадан кешіктірілмей көпшіліктің назарына жеткізіледі.

71. Студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу осы Қағидалардың 62-тармағы негізінде студенттердің тізімі тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), мамандығы (білім беру бағдарламасының) көрсетіле отырып, қорытынды аттестаттауға дейін екі аптадан кешіктірілмей ЖОО-ның тиісті құрылымдық бөлімше басшысының өкімімен ресімделеді.

72. Қорытынды аттестаттау басталуына дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей МАК-қа ұсынылады:

1) студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы өкім;

2) оқытудың барлық кезеңіндегі студенттер үлгерімінің орта салмақ баға өлшемдері GPA есептелген транскрипт;

73. Дипломдық жұмыстың (жобаның) қорғалуына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмей МАК-қа ұсынылады:

1) дипломдық жұмыс (жобаның) ғылыми жетекшісінің "қорғауға жіберіледі" немесе "қорғауға жіберілмейді" деген дәлелді қорытындысы берілген пікірі;

2) қорғауға ұсынылған дипломдық жұмыстың (жобаның) жан-жақты мінездемесі және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағасы көрсетілген дәлелді қорытындысы және тиісті мамандығы бойынша "бакалавр" дәрежесін немесе біліктілігін беру мүмкіндігі туралы рецензия;

3) бітіріл шығарушы кафедраның қорғауға ұсынымдамалары туралы шешімі (кафедра отырысы хаттамасының көшірмесі);

4) дипломдық жұмысты (жобаны) плағиаттық мәніне қатысты тексеруден өткізу туралы анықтама .

74. МАК-қа, қажет болған жағдайда орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми және практикалық құндылықтарын сипаттайтын басқа да материалдар, ресми емес пікірлер, диплом жұмысының (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызыметті жүзеге асыратын үйымның жазбаша қорытындысы, ғылыми-зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, ауылшаруашылық өнімдері материалдарының, бұйымдарының үлгісі, минералдар коллекциясы, гербарийлер ұсынылады.

75. МАК отырыстарының ұзақтығы күніне 6 (алты) академиялық сағаттан аспайды.

76. Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан ЖОО пәндердің оқу бағдарламалары негізінде әзірлеген бағдарлама бойынша жүргізіледі.

Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан бағдарламасы ЖОО-ның ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі.

77. Ғылыми жетекшісінің оң пікірі және қорғауға ұсынылатын жұмыс бейініне сай келетін маман тарапынан бір рецензиясы болғанда білім алушы диплом жұмысын (жобасын) қорғауға шыға алады.

Егер ғылыми жетекші "қорғауға жіберілмейді" деген жағымсыз қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберілмейді.

Білім алушы рецензенттің оң қорытындысы сияқты, жағымсыз қорытындысы болған жағдайда да дипломдық жұмысты (жобаны) қорғауға жіберіледі.

78. Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі ЖОО-ның ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ЖОО басшысының бүйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр білім алушыға дербес бекітіледі.

Дипломдық жұмыстардың (жобалардың) рецензенттері ЖОО басшысының бүйрығымен жұмыс орны, лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы дипломы бойынша базалық білімі) көрсетіліп тиісті құрылымдық бөлімше басшысының ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі.

79. Дипломдық жұмысты (жобаны) рецензиялау біліктілігі қорғалатын жұмыс бейініне сәйкес келетін ұйымдардың мамандары тарапынан жүзеге асырылады.

80. Мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтарын, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлерін назарға ала отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады.

81. Мемлекеттік емтихан тапсыру және диплом жұмысын (жобасын) қорғаудың нәтижелері олар өткізілген күні МАК отырысының хаттамасына қол қойылған соң жарияланады.

82. МАК-тың барлық отырыстары хаттамамен ресімделеді.

83. МАК отырысының хаттамалары әр бітірушіге жеке толтырылады. Мемлекеттік емтихан тест түрінде өткізілген жағдайда хаттама толтыруға емтихан ведомосы негіз болады.

84. Хаттаманы комиссия құрамына бекітілген және дауыс беру құқығы жоқ МАК хатшысы толтырады.

85. Мемлекеттік емтихан, диплом жұмысын (жобасын) қорғау бағалары туралы сондай-ақ, академиялық дәреже тағайындау және біліктілік беру және мемлекеттік үлгідегі (ұздік емес, ұздік) диплом беру туралы шешім МАК отырысына қатысуыш мүшелерінің көпшілік дауысымен жабық отырыста

ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда МАК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

86. Қазақстан Республикасының "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" заңына сәйкес МАК-тың хаттамалары ЖОО-ның мұрағатында сақталады.

87. Қорытынды атtestаттауға дәлелді себеппен келмеген білім алушы МАК төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен МАК-тың басқа отырысы болған күні емтихан тапсырады немесе дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды.

88. Білім алушы қорытынды атtestаттаудың нәтижелерімен келіспесе, атtestаттау өткізілгеннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция беруіне болады.

89. Апелляция өткізу үшін ЖОО басшысының бүйрекімен біліктілігі аталған мамандықтың бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

90. Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін МАК-қа ұсынылған деңсаулық жағдайы туралы құжаттар қарастырылмайды.

91. Бағаны жоғарылату мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға және дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

92. "Қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаларға мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыруға, сондай-ақ диплом жұмысын (жобасын) қайта қорғауға, қорытынды атtestаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

93. Диплом жұмысын (жобасын) қорғау барысында диплом жұмысы "қанағаттанарлықсыз" деп есептелгенде, МАК сол жұмысты пысықтап қайтадан қорғауға ұсынуға немесе жұмысты (жобаны) жаңа тақырыппен әзірлеуге мүмкіндік береді. МАК-тың бұл шешімі мәжіліс хаттамасына жазылады.

94. Қорытынды атtestаттаудан өтпеген тұлғалар келесі оқу жылында, қорытынды атtestаттау басталғанға дейін бір айдан кешікпей, ЖОО басшысының атына қайта қорытынды атtestаттауға жіберуге рұқсат беру туралы өтініш жазады.

95. Қорытынды атtestаттауға қайта жіберу ЖОО басшысының бүйрекімен ресімделеді.

96. Білім алушыны қайта қорытынды атtestаттау алдынғы қорытынды атtestаттаудан қанағаттанарлықсыз баға алған нысандар бойынша ғана өткізіледі.

97. Осы емтихандарды тапсырмаған тұлғалар үшін мемлекеттік емтихандар қатарына енетін пәндер тізбесі білім алушы теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған оқу жоспарымен белгіленеді.

98. Қорытынды атtestаттаудан өткен және жоғары білімнің тиісті білім беру бағдарламасын менгергендігін дәлелдеген білім алушыға МАК шешімімен "бакалавр" дәрежесі немесе сәйкес келетін

мамандығы бойынша біліктілік тағайындалып, мемлекеттік үлгідегі диплом (дипломға қосымшасымен) академиялық құнтізбеле сәйкес қорытынды атtestаттау өткеннен кейін бес жұмыс құні ішінде ақысыз беріледі.

99. Транскрипте барлық оқу пәні, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), кәсіптік тәжірибе түрлері, қорытынды атtestаттау нәтижелері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білім бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

100. Емтихандарды А, А - "өте жақсы", В-, В, В+ - "жақсы" деген бағаға тапсырылан және оқытудың барлық кезеңіндегі үлгерімінің орта балы 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ барлық мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) А, А - "өте жақсы" деген бағаға тапсырылан білім алушыға үздік диплом (әскери даярлығы бойынша бағасын ескермегендегі беріледі.

101. Оқу кезеңінде емтихандарды қайта немесе қайталап тапсыру жағдайы болған білім алушы осы Қағидалардың 102-тармағында көрсетілген талаптарға қарамастан үздік диплом алу құқығынан айырылады.

102. МАК-тың жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы бакалавриат студенттерін қорытынды атtestаттау жөнінде есеп жазады және бір ай мерзім ішінде ЖОО-ның ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

103. Жоғары білім берудің тиисті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды атtestаттаудан сәтті өткен білім алушыға қорытынды атtestаттау нәтижесі негізінде ЖОО басшысының білім алушыларды шығару туралы бұйрығымен "бакалавр" академиялық дәрежесі тағайындалады немесе сәйкес келетін мамандығы бойынша біліктілік беріледі.

104. Білім беру бағдарламаларының талаптарын орындаған білім алушыға № 289 бұйрықпен бекітілген нысан бойынша білімі аяқталмаған азamatтарға берілетін анықтама беріле отырып, ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан шығарылады.

105. Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын оқып бітірген ЖОО-ны бітірушілердің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), мамандығы және білім беру үйімінің басшысы қол қойып, берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, бітіру туралы бұйрық шыққаннан кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

#### **4. ЖОО-да магистратура және докторантурасында білім алушыларды қорытынды атtestаттаудан өткізу үндік тәртібі**

106. Магистратура және докторантурасында білім алушыларды қорытынды атtestаттау МЖМБС сәйкес кешенде емтихан тапсыру және магистрлік диссертация (жоба) немесе докторлық диссертация қорғау түрінде өткізіледі.

107. Білім алушыларды қорытынды атtestаттаудың ұзақтығы мен мерзімі академиялық құнтізбеле және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларына сәйкес белгіленеді.

108. Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламаларының, жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу үдерісін толық аяқтаған білім алушыларғана жіберіледі.

109. Бітіруші курстың білім алушылары жұмыс және жеке оқу жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарын орындамаса жазғы семестрден өткізілмestен оқу курсын қайта оқуға қалдырылады.

110. Магистратура мен докторантурада білім алушылардан кешенді емтихан алу үшін ЖОО жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мамандықтары мен мамандықтар тобы бойынша МАК құрады.

111. МАК тәрағасы мен құрамы ЖОО ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ағымдағы оқу жылышын 10 қаңтарынан кешіктірілмей ЖОО басшысының бүйрығымен бекітіледі және ағымдағы құнтізбелік жыл бойы қолданыста болады.

112. Магистратура мен докторантурда мамандықтары бойынша МАК тәрағалығына ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар, немесе философия (PhD) докторы немесе бейіні бойынша доктор бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін және осы үйімда жұмыс жасамайтын тұлға тағайындалады . профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

113. МАК мүшелері құрамына мыналар кіреді:

магистратура мамандықтары бойынша - шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы немесе академиялық дәрежесі бар тұлғалар; бейіндік магистратура үшін шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін білікті мамандар-тәжірибелік қызметкерлер);

докторантурда мамандықтары бойынша - шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы немесе философия (PhD) докторы дәрежесі бар тұлғалар.

114. МАК-тың сандық құрамын ЖОО өз бетінше белгілейді.

115. Магистратурада және докторантурада білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мен үйімдастыру тәртібін, мемлекеттік емтихан нысанын және МАК мәжілісінің рәсімдерін ЖОО академиялық саясатына сәйкес дербес айқындейды.

116. МАК жұмысының кестесін офис регистратор құрады, жұмыс кестесін ЖОО басшысы бекітеді және МАК жұмысы басталуына дейін екі аптадан кешіктірілмей көпшіліктің назарына жеткізіледі.

117. Магистранттар мен докторанттарды қорытынды аттестаттауға жіберу ЖОО бүйрығымен тізім бойынша бекітіліп, қорытынды аттестаттау басталуынан екі апта бүрүн МАК-қа тапсырылады.

118. Мамандық бойынша кешенді емтиханға магистратура мен докторантуралың кәсіптік оқу бағдарламасының міндетті базалық және бейіндік компоненттерінің пәндері кіреді.

119. Кешенді емтиханның бағдарламасын, өткізілу нысанын және тапсырмалар мазмұнын ЖОО осы кешенді емтиханға енген пәннің оқу бағдарламасы негізінде өздері әзірлейді.

120. Кешенді емтихан:

магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға дейін 1 ай бұрын;

докторлық диссертацияны қорғауға дейін 3 ай бұрын қабылданады.

121. Кешенді емтихан нәтижелері магистратура мен докторантурада әрбір білім алушыға жеке толтырылатын хаттамамен ресімделеді.

122. Кешенді емтихан тест түрінде өткен жағдайда жеке хаттама ресімдеуге емтихан ведомосы негіз болады.

123. Алынған оңды бағаны жоғарылату мақсатында кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

124. Кешенді емтиханнның нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей апелляция береді.

125. Апелляция өткізу үшін білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен біліктілігі аталған мамандықтың бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

126. Кешенді емтиханнан қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы № 289 бұйрығымен бекітілген білімі аяқталмаған тұлғаларға берілетін анықтама беріле отырып ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан оқудан шығарылады.

127. Кешенді емтиханнан "қанағаттанарлықсыз" баға алған магистратура мен докторантурада оқытын тұлғаларға қорытынды атtestаттаудың осы кезеңінде кешенді емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

128. Кешенді емтихан тапсырған магистрант немесе докторант магистрлік диссертацияны (жобаны) немесе докторлық диссертацияны қорғауға жіберіледі.

129. магистрлік диссертацияны (жобаны) немесе докторлық диссертацияны қорғауға жіберу кешенді емтиханды тапсыру туралы МАК тәрағасының ұсынуы және бітіруші кафедра менгерушісінің қолы қойылған докторлық диссертацияны қорғау туралы кафедра отырысы шешімінен үзінді негізінде ЖОО басшысының бұйрығымен ресімделеді.

130. Магистрант диссертация (жоба) тақырыбы бойынша ғылыми басылымдарда, журналдарда, немесе халықаралық немесе республикалық ғылыми конференцияларда жарияланған кемінде бір мақаласы бар болған жағдайда қорғауға жіберіледі.

131. Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) ЖОО өз бетінше плағиат мәніне қатысты тексеруден өткізеді.

132. Магистрлік диссертацияның (жобаның) ғылыми жетекшісі ЖОО-ның ғылыми кеңесінің шешімі негізінде ЖОО басшысының бұйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр магистрантқа дербес бекітіледі.

Магистрлік диссертациялардың (жобалардың) рецензенттері ЖОО басшысының бұйрығымен жұмыс орны, лауазымы және білімі (мамандығы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы дипломы бойынша базалық білімі) көрсетіліп тиісті бітіруші кафедра менгерушісінің ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі.

133. Магистрлік диссертацияларды (жобаларды) рецензиялау ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, философия (PhD) докторы, бейіні бойынша доктор немесе магистр академиялық дәрежесі бар, біліктілігі қорғалатын диссертация (жоба) бейініне сәйкес келетін, басқа ұйымдардың мамандары тарапынан ғана жүзеге асырылады.

134. Ғылыми жетекшісінің оң пікірі және қорғауға ұсынылатын диссертация (жоба) бейініне сай келетін маман тарапынан бір рецензиясы болғанда магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға шыға алады.

Егер ғылыми жетекші "қорғауға жіберілмейді" деген жағымсыз қорытынды берген жағдайда, магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберілмейді.

Магистрант рецензенттің оң қорытындысы сияқты, жағымсыз қорытындысы болған жағдайда да магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберіледі.

135. Кешенді емтихан мен магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғаудың нәтижелері бойынша білім алушының теориялық, ғылыми және практикалық дайындықтарын, сондай-ақ ғылыми жетекшісі мен рецензенттің пікірлерін назарға ала отырып, білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесі бойынша баға қойылады.

136. Қорытынды аттестаттаудан өткен, магистратураның тиісті білім беру бағдарламасын менгергендігін растиған магистранта МАК-тың шешімімен тиісті мамандық бойынша "магистр" академиялық дәрежесі тағайындалады және академиялық құнтізбеге сәйкес қорытынды аттестаттау өткен күннен кейін бес күн ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 тіркелген) мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен тегін беріледі.

137. Транскрипте барлық оқу пәні, тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), ғылыми-зерттеу немесе эксперименталды-зерттеу жұмыстары, кәсіптік тәжірибе түрлері, қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік әріптік білім бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

138. МАК-тың жұмысы аяқталған күннен кейін оның төрағасы магистранттарды қорытынды атtestаттау жөнінде есеп жазады және бір ай мерзім ішінде ЖОО-ның ғылыми кеңесінің отырысында талқыланады және бекітіледі.

139. МАК төрағасының магистранттарды қорытынды атtestаттау жөніндегі есебіне осы Қағидалардың 4-қосымшасында келтірілген кестелер мен түсіндірме жазба енеді.

Түсіндірме жазбада мыналар көрініс табады:

1) аталған мамандық бойынша магистрлардың дайындық деңгейлері;

2) кешенді емтиханда анықталған магистранттардың біліміне мінездеме;

3) магистрлік диссертацияларды (жобаларды) орындаудың сапасы;

4) магистрлік диссертация (жоба) тақырыбының ғылымның, техниканың, мәдениеттің қазіргі жай-күйіне және өндірістің сұранысына сәйкестігі;

5) аталған мамандық бойынша магистрларды даярлау сапасына талдау;

6) магистрларды даярлаудағы кемшіліктер;

7) магистрлік диссертацияларды (жобаларды) қорғау деңгейінің кафедра шешіміне, ғылыми жетекшісінің пікіріне, рецензиясына сәйкестігі;

8) магистрларды даярлауды одан әрі жетілдіру бойынша нақты ұсынымдамалар.

140. Қорытынды атtestаттаудың нәтижесі негізінде ЖОО басшысының бітіру туралы бұйрығы шығарлады, магистратураның тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды атtestаттаудан сәтті өткен магистрантқа тиісті мамандық бойынша "магистр" дәрежесі тағайындалады.

141. Білім беру бағдарламасының талаптарын орындаған магистрант ЖОО басшысының бұйрығымен ЖОО-дан оқудан шығарылып № 289 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша білімі аяқталмаған азаматтарға берілетін анықтама беріледі.

142. Тиісті білім беру бағдарламаларын оқып бітірген магистратура бітірушілерінің тізімі олардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), мамандығы және білім беру үйымының басшысы қол қойып, берілген дипломның нөмірі көрсетіле отырып, бітіру туралы бұйрық шыққан күннен кейін бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

143. Докторлық диссертацияларды қорғауды үйымдастыру мен өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 тіркелген) ғылыми дәрежелерді беру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

	Жоғары оқу орындарында Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізуудің үлгілік қағидаларына 1-қосымша
--	--

### Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласына аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-тік құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	Қанағаттанарлық
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

	Жоғары оқу орындарында Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізуудің үлгілік қағидаларына 2-қосымша
--	--

### Балдық-рейтингтік әріптік жүйе бағаларының ECTS (European Credit Transfer and Accumulation System) бойынша бағаларға ауысу кестесі

ОЕК бойынша тілді менгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	Қанағаттанарлық

C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-		1,67	60-64	
D+		1,33	55-59	
D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

ОЕК бойынша тілді менгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	Қанағаттанарлық
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

ОЕК бойынша тілді менгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
B1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	Қанағаттанарлық
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

ОЕК бойынша тілді менгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
	A		4,0	95-100	

B2	A-	A	3,67	90-94	Өте жақсы
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+	D	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
	C		2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

ОЕК бойынша тілді менгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
C1	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	Қанағаттанарлық
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

ОЕК бойынша тілді менгеру деңгейі мен сипаттамасы	Әріптік жүйе бойынша бағалар	ECTS бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
C2	A	A	4,0	95-100	Өте жақсы
	A-		3,67	90-94	
	B+	B	3,33	85-89	Жақсы
	B	C	3,0	80-84	Жақсы
	B-		2,67	75-79	
	C+		2,33	70-74	Қанағаттанарлық
	C	D	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
	C-		1,67	60-64	
	D+		1,33	55-59	
	D	E	1,0	50-54	Қанағаттанарлық
	F	FX, F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Жоғары оқу орындарында  
Білім алушылардың үлгерімін  
ағымдық бақылау, аралық және  
қорытынды мемлекеттік  
аттестаттау жүргізуіндегі үлгілік  
қағидаларына  
3-қосымша  
Нысаны

## Нысаны

## Нысаны

20\_\_ 20\_\_ оку жылының \_\_\_\_\_ емтихандық сессия қорытындысы (қысқы, көктемгі, жазғы)

(Ж00 атаяу)

Оқытудың күндізгі (немесе сырттай) нысаны 1

Шифр	Мамандықтар тобы және мамандықтар	Курс	Бөлімі (қаз., орыс., шетел.)	Оқу негізі: грант/ ақылды	Сессия басындағы студенттер	Соның ішінде академиялық демалыста	Емтихан тапсыруға міндетті	Жалпы емтиханға жіберілгендер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

1. Білім

## Кестенің жалғасы

Келген жоқ		Тапсырғандар					
Дәлелді себеппен	Дәлелсіз себеппен	Оқу жоспарының барлық пәндері бойынша	Соның ішінде				Тек қана C+, C, C-, D+, D
			Тек қана A, A-, A-	Тек қана A, A-, B+, B, B -	A, A-, B+, B, B-, C+, C, C-, D+, D		
10	11	12	13	14	15	16	

1. Білім

## 2. Гуманитарлық ғылымдар

## Кестенің жалғасы

Ф алғандар		Абсолюттік үлгерім	Келесі оқу курсына көшірілгендер	Қайта оқу жылына қалдырылды	Оқудан шығарылғандар				
соның ішінде									
Барлығы	біреу								
17	18	19	20	21	22				
					23				

1 Білім

## 2. Гуманитарлық ғылымдар

	Жоғары оқу орындарында Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және корытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізуіндегі үлгілік қағидаларына 4-қосымша
	1-кесте

Кешенді емтихан және магистрлік диссертацияны (жоба) қорғау нәтижелері \_\_\_\_\_  
жылға

мамандық \_\_\_\_\_

## ЖОО атаяу

2-кесте

**Магистратура бітірушілерін қорытынды аттестаттаудың жалпы нәтижелері** \_\_\_\_\_ жылға

## Мамандық

## ЖОО атасы

		Соның ішінде тапсырғандар		
	Тек үздік			

ҚА жіберілгендер саны	ҚА келмегендер саны	ҚА тапсырғандар саны	Тек үздік	және	Аралас	Тек	Қанағаттанарлықsyz	Орта балл

3-кесте

### Шығарылымның салыстырмалы талдауы

Көрсеткіштер	Алдыңғы кезең	Есеп беру кезеңі
Сапасы %		
Үлгерімінің %		
Орташа балл		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ, РМК